

Шаруашылық-саяси науқандардың қазақ шаруашылығына әсері (XX ғасырдың 20-30 жж.)

ЖАРИЯЛАНДЫ 05.05.2026	ТІРЕК СӨЗДЕР administrative-command system, collectivization, confiscation, famine, forced migration, sedentarization, административно-командная система, ашаршылық, әкімшіл-әміршіл жүйе, босқыншылық, голод, коллективизация, конфискация, оседание, откочевства, отырықшыландыру, тәркілеу, ұжымдастыру	СІЛТЕМЕ https://bilimger.kz/188507/
---------------------------------	--	---

Ходжабердиева Мариям

«7M01601» — Тарих білім беру бағдарламасының 2-курс магистранты

Жетекшісі: **Аман Әлібек Бақытжанұлы**

т.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент)

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті.

Аңдатпа. Бұл мақалада XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Кеңестік биліктің Қазақстан аумағында жүргізген шаруашылық-саяси науқандарының қазақ қоғамына, әсіресе дәстүрлі шаруашылық жүйесіне тигізген әсері жан-жақты қарастырылады. Ұжымдастыру, тәркілеу, отырықшыландыру және әкімшіл-әміршіл басқару әдістерінің енгізілуі қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық құрылымын түбегейлі өзгертті. Зерттеу барысында бұл реформалардың қазақ шаруашылығын күйзеліске ұшыратып, жаппай ашаршылық пен босқыншылықтың туындауына негізгі себеп болғаны дәлелденеді. Сонымен қатар, босқыншылық құбылысының қалыптасуындағы саяси факторлар мен олардың тарихи салдары ғылыми тұрғыда талданады.

Кілт сөздер: ұжымдастыру, тәркілеу, отырықшыландыру, ашаршылық, босқыншылық, әкімшіл-әміршіл жүйе.

Кіріспе

XX ғасырдың 20-30 жылдары Қазақстан тарихында аса күрделі әрі қайшылықты кезеңдердің бірі болып табылады. Бұл уақытта Кеңес өкіметі елде социалистік қоғам орнату мақсатында түбегейлі әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүзеге асыра

бастады. Алайда бұл өзгерістер қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі шаруашылық жүйесіне бейімделмей, күштеу әдістері арқылы енгізілді.

Қазақстанның негізгі шаруашылық түрі көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы болғандықтан, кеңестік биліктің жүргізген ұжымдастыру және отырықшыландыру саясаты жергілікті халықтың өмір салтына тікелей қайшы келді. 1928-1930 жылдары большевиктік партия мен Кеңес өкіметі жүзеге асырған астық және ет дайындау науқандары, тәркілеу саясаты, дәулетті топтарды тап ретінде жою, күштеп ұжымдастыру мен зорлықпен отырықшыландыру, сондай-ақ халық наразылықтарын қарулы күшпен басу шаралары қазақ қоғамын ауыр күйзеліске ұшыратып, оны кезекті бір «ақтабан шұбырынды» тәрізді қасіретке алып келгені белгілі.

Ұжымдастыру саясаты және оның салдары

1929 жылдан бастап Кеңес үкіметі ауыл шаруашылығын социалистік негізде қайта құру мақсатында жаппай ұжымдастыру саясатын іске асыруға кірісті. Бұл саясаттың мәні дәстүрлі жеке шаруашылықтарды жойып, оларды ұжымдық шаруашылықтарға (колхоздар мен совхоздарға) біріктіру арқылы мемлекеттік бақылауды күшейту болды. Қазақстан жағдайында бұл үдеріс ерекше қарқынмен және әкімшілік-әміршіл әдістер арқылы жүргізілді.

Ұжымдастырудың жүзеге асырылуында экономикалық тетіктерден гөрі күштеу, қысым көрсету, жазалау шаралары басым болды. Жергілікті билік органдары тарапынан белгіленген жоспарларды орындау үшін халыққа зорлық-зомбылық көрсетіліп, мал-мүлкін тартып алу, «бай-кулак элементтері» ретінде айыптау, жер аудару сияқты шаралар кеңінен қолданылды. Нәтижесінде қазақ қоғамының дәстүрлі әлеуметтік құрылымы күйреді.

Қазақ халқының шаруашылығы негізінен көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығына сүйенгендіктен, ұжымдастыру саясаты оның табиғи-экономикалық ерекшеліктерін ескермеді. Мал жеке меншіктің ғана емес, сонымен қатар өмір сүрудің, тіршіліктің басты көзі болды. Сондықтан малды күштеп ортақ меншікке өткізу халықты күнкөріс құралынан айырды.

Статистикалық деректерге сүйенсек, 1928-1933 жылдар аралығында Қазақстандағы мал саны бірнеше есе азайды. Мысалы, ірі қара, қой-ешкі, жылқы және түйе саны күрт кеміп, жалпы мал шаруашылығының күйреуіне әкелді. Бұл тек экономикалық шығын ғана емес, сонымен қатар дәстүрлі өмір салтының жойылуын білдірді. Әсіресе ұжымдастыру, бай-кулактарды тәркілеу және отырықшыландыру саясаты көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылық құрылымын бұзып, қоғамда терең дағдарыс туындатты [1].

Кеңестік билік көшпелі қазақтарды отырықшыландыру саясатын жүргізді. Алайда бұл

саясат табиғи-экономикалық ерекшеліктерді ескермей жүзеге асырылды [2].

Ұжымдастыру барысында қалыптасқан ұйымдастырушылық дағдарыс та жағдайды ушықтырды. Колхоздар материалдық-техникалық базамен қамтамасыз етілмеді, тәжірибелі мамандар жетіспеді, еңбек ұйымдастыру жүйесі әлсіз болды. Бұған қоса, көшпелі халықты бірден отырықшы өмірге көшіру әрекеттері шаруашылық жүргізудің тиімділігін төмендетті.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің мемлекетке міндетті түрде өткізілуі астық, ет дайындау науқандары да халықтың жағдайын ауырлатты. Көп жағдайда бұл жоспарлар нақты мүмкіндіктерді ескермей белгіленіп, күштеп орындалды. Соның салдарынан шаруалар өздеріне қажетті азық-түліктен айырылып, аштық қаупі күшейді.

Астық пен ет дайындау науқандары халыққа қысым жасау, мәжбүрлеу және қорқыту әдістерін қолдану арқылы жүргізілді. Нәтижесінде етке тапсыруға міндеттелген мал саны көптеген шаруашылықтардағы нақты мал басынан едәуір жоғары болып белгіленді [3, 222 п.].

Ұжымдастыру саясатының тікелей салдары ретінде ауылдық жерлерде жаппай әлеуметтік дағдарыс қалыптасты. Халықтың тұрмыс деңгейі күрт төмендеп, кедейлену үдерісі күшейді. Көптеген шаруашылықтар күйреп, тұрғындар тіршілік ету мүмкіндігінен айырылды. Бұл жағдай өз кезегінде халықтың жаппай көшіп-қонуына, яғни босқыншылықтың күшеюіне алып келді.

Осылайша, ұжымдастыру саясаты Қазақстан жағдайында экономикалық жаңғырту құралы болудың орнына, керісінше, дәстүрлі шаруашылық жүйенің күйреуіне, әлеуметтік тұрақсыздыққа және гуманитарлық апатқа алып келген факторлардың біріне айналды. Бұл үдеріс кейінгі ашаршылық пен босқыншылықтың негізгі алғышарттарының бірі болды.

Бай-кулактарды тәркілеу және әлеуметтік құрылымның өзгеруі

1928 жылы бастау алған бай-кулактарды тәркілеу науқаны Кеңес мемлекетінің ауыл шаруашылығын социалистік негізде қайта құру саясатының құрамдас бөлігі болды. Бұл науқанның ресми мақсаты — «таптық күресті күшейту» және ауылдағы ауқатты топтарды жою арқылы кедейлер мен орта шаруаларды жаңа қоғамдық құрылысқа тарту деп түсіндірілді. Алайда Қазақстан жағдайында бұл саясат дәстүрлі әлеуметтік-экономикалық жүйені күйреткен түбегейлі өзгерістерге алып келді.

Қазақ қоғамында «бай» ұғымы тек материалдық байлықпен ғана шектелмей, әлеуметтік ұйымдастырушы, шаруашылықты үйлестіруші, қауым ішінде беделге ие тұлға ретінде де сипатталды. Байлар көшпелі шаруашылықтың тиімді жүргізілуінде маңызды рөл атқарып, мал шаруашылығының тұрақтылығын қамтамасыз етті. Сонымен қатар, олар туыстық-қауымдық байланыстарды сақтауда, әлеуметтік қолдау көрсетуде

(жұт, аштық кезінде көмек беру) ерекше орын алды.

Тәркілеу науқаны барысында осы әлеуметтік институт толықтай жойылды. 1928 жылғы қаулылар негізінде ірі бай шаруашылықтары «қанаушы тап» ретінде танылып, олардың мал-мүлкі тәркіленді, өздері мен отбасы мүшелері жер аударылды.

Тәркілеу барысында мыңдаған шаруашылықтар мал-мүлкінен айырылып, жер аударылды. Бұл жағдай халықтың жаппай кедейленуіне және әлеуметтік жіктелудің тереңдеуіне себеп болды [4].

Тәркілеудің экономикалық салдары аса ауыр болды. Мал шаруашылығының негізгі бөлігі ірі шаруашылықтардың қолында шоғырланғандықтан, олардың жойылуы жалпы шаруашылық жүйесінің тиімділігін төмендетті. Мал басының күтімі нашарлап, өндірістік ұйымдасу бұзылып, нәтижесінде өнім көлемі күрт азайды. Бұл ауыл шаруашылығының дағдарысына алып келді.

Әлеуметтік тұрғыдан алғанда, тәркілеу қазақ қоғамындағы ғасырлар бойы қалыптасқан иерархиялық құрылымды бұзды. Байлардың жойылуы ауылдағы басқару мен реттеу механизмдерінің әлсіреуіне себеп болды. Олардың орнына келген жаңа билік өкілдері (кедейлерден шыққан белсенділер) көбінесе тәжірибесіз болды, бұл басқару сапасының төмендеуіне әкелді.

Тәркілеудің тағы бір маңызды салдары – халықтың жаппай қоныс аударуының басталуы болды. Мал-мүлкінен, әлеуметтік тірегінен айырылған шаруалар күнкөріс іздеп, басқа аймақтарға көшуге мәжбүр болды. Осылайша, тәркілеу науқаны босқыншылықтың алғашқы кезеңдерінің қалыптасуына тікелей ықпал етті.

Жоғарыда аталған шаруашылық-саяси науқандардың жиынтық нәтижесі ретінде 1930–1933 жылдары Қазақстанда жаппай ашаршылық орын алды. Бұл кезеңде халықтың үлкен бөлігі аштықтан қырылып, тірі қалғандары күнкөріс қамымен басқа аймақтарға ауа көшуге мәжбүр болды [5].

Босқыншылық — тек экономикалық емес, сонымен қатар саяси сипаттағы құбылыс болды. Халықтың көрші Орталық Азия елдеріне, Ресей өңірлеріне және Қытайға жаппай көшуі қазақ қоғамының демографиялық құрылымына елеулі өзгерістер әкелді. Бұл үдеріс қазақ халқының санының күрт азаюына және этникалық құрылымның бұзылуына себеп болды.

Сонымен қатар, босқыншылық кеңестік биліктің жүргізген саясаттарының сәтсіздігін көрсететін маңызды тарихи құбылыс ретінде бағаланады. Бұл жағдай қазақ шаруашылығының күйреуі мен әлеуметтік дағдарыстың ең ауыр көрінісі болды.

Қорытынды

Қорытындылай келе, XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Кеңестік шаруашылық-саяси

науқандар қазақ қоғамына аса ауыр зардаптар әкелді. Ұжымдастыру, тәркілеу, астық науқандары және отырықшыландыру саясаттары дәстүрлі шаруашылық жүйесін бұзып, халықты экономикалық күйзеліске ұшыратты. Осының салдары жаппай ашаршылық пен босқыншылықтың шығуына себеп болды.

Босқыншылық — кездейсоқ емес, нақты саяси шешімдердің нәтижесінде пайда болған тарихи құбылыс. Ол қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық дамуына ұзақ мерзімді кері әсерін тигізді. Сондықтан бұл кезеңді зерттеу қазіргі тарихи сананы қалыптастыруда және өткеннің қателіктерін түсінуде маңызды орын алады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері: көмекші оқу құралы / Талас. Омарбеков. — Алматы : Өнер, 2003. — 552 с.: б.
2. Олкотт М.Б. Казахи. – Стэнфорд: Издательство Гуверовского института, 1995. – 384 с.
3. Ақтөбе облысының мемлекеттік архиві. 63-қор. 1-тізбе, 5-іс.
4. Қозыбаев М. Ақтаңдақтар ақиқаты. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 272 б.
5. Кэмерон Сара. Аштық жайлаған дала: ашаршылық, озбырлық және Кеңестік Қазақстанды орнату. / Ағылшын тілінен аударған Сәуле Батаева, Зәуре Батаева. Итака: Cornell University Press, 2018. 304 б.

REFERENCES

1. Qazaqstan tarikhynyń XX ǵasyrdaǵı ózekti máseleleri: kómeşki oqu quraly / Talas Omarbekov. – Almaty: Óner, 2003. – 552
2. Olcott M.B. Kazahi. – Stenford: Izdatelstvo Guverovskogo instituta, 1995. – 384 s.
3. Aqtöbe oblýsynyń memlekettik arhivi. 63-qor. 1-tizbe, 5-is.
4. Qozybaev M. Aqtańdaqtar aqiqaty. – Almaty: Qazaqstan, 1992. – 272 b.
5. Kameron Sara. Aştyq jailaǵan dala: aşarşylyq, ozbyrlyq jáne Keñestik Qazaqstandy ornatu. / Aǵylşyn tilinen audaǵan Säule Bataeva, Zäure Bataeva. İtaka: Cornell University Press, 2018. 304 b.

Влияние хозяйственно-политических кампаний на казахское хозяйство (1920-1930-е годы XX века)

Аннотация. В данной статье всесторонне рассматривается влияние хозяйственно-политических кампаний, проводимых советской властью на территории Казахстана в 1920-1930-е годы, на казахское общество, в особенности на традиционную систему хозяйствования. Введение коллективизации, конфискации, политики оседания и административно-командных методов управления привело к коренной трансформации социально-экономической структуры казахского населения. В ходе исследования

доказывается, что данные реформы стали одной из основных причин кризиса казахского хозяйства, массового голода и вынужденной миграции населения. Также в научном плане анализируются политические факторы формирования явления откочевства (босқыншылық) и их исторические последствия.

Ключевые слова: коллективизация, конфискация, оседание, голод, откочевства, административно-командная система.

The Impact of Socio-Economic and Political Campaigns on the Kazakh Economy (1920s-1930s of the 20th Century)

Abstract. This article comprehensively examines the impact of socio-economic and political campaigns carried out by Soviet authorities in Kazakhstan during the 1920s-1930s on Kazakh society, particularly on its traditional economic system. The introduction of collectivization, confiscation, sedentarization policies, and administrative-command methods of governance led to a fundamental transformation of the socio-economic structure of the Kazakh population. The study demonstrates that these reforms became one of the main causes of the crisis in the Kazakh economy, mass famine, and forced migration of the population. In addition, the political factors behind the formation of the phenomenon of bosqynshylyk (forced displacement) and their historical consequences are analyzed from a scholarly perspective.

Keywords: collectivization, confiscation, sedentarization, famine, forced migration, administrative-command system.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.